

**Есіл аудандық мәслихатының 2013 жылғы 23 тамыздағы № 22/2 "Есіл ауданындағы әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Ақмола облысы Есіл аудандық мәслихатының 2014 жылғы 27 ақпандағы № 29/9 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 2 сәуірде № 4066 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Есіл аудандық мәслихатының 2016 жылғы 21 маусымдағы № 5/3 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Есіл аудандық мәслихатының 21.06.2016 № 5/3 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

**РҚАО ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 56 бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабына, "Ақмола облысының облыстық және аудандық (қалалық) бюджеттер арасындағы 2014-2016 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемдері туралы" Ақмола облыстық мәслихатының 2013 жылғы 13 желтоқсандағы № 5С-20-3 шешіміне сәйкес, Есіл аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Есіл аудандық мәслихатының "Есіл ауданындағы әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" 2013 жылғы 23 тамыздағы № 22/2 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3815 тіркелген, 2013 жылғы 4 қазанда "Жаңа Есіл" аудандық газетінде жарияланған) шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

Есіл ауданындағы әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларындағы:

10 тармақтың 1 тармақшасы жаңа редакцияда баяндалсын:

"1) ай сайын шығындарын өтеуге 100 пайыз мөлшерінде – коммуналдық қызмет ақысын және телефон байланысы қызметінің абоненттік ақысын төлеуге

Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне;" .

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат  
сессиясының төрағасы

*С.Төлебаев*

Аудандық мәслихат хатшысы

*С.Құдабаев*

**КЕЛІСІЛДІ**

Есіл ауданының әкімі

*Қ.Рахметов*